



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№102-103 (10503) 18 ЖЕЛТОҚСАН, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## МАНҒЫСТАУЛЫҚ ЭНЕРГЕТИКТЕРГЕ – ЖОҒАРЫ МАРАПАТ



ЕЛІМІЗДІҢ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫН ДАМУҒА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН МАНҒЫСТАУЛЫҚ МАМАНДАРҒА ЗОР ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ. АҚОРДАДА ӨТКЕН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА ӨНІР ЭНЕРГЕТИКТЕРІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚОЛЫНАН МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛДЫ.

Салтанатты қабылдау барысында Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында еңбек адамдарының беделін арттыруға ерекше мән беріліп отырғанын айтып, энергетика саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Президент өз сөзінде бұл саланың ел дамуы үшін стратегиялық маңызға ие екенін айрықша атап өтті.

– Энергетика саласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету – еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр

адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру – жауапкершілігі зор, күрделі жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы жоғары марапатқа ие болғандардың қатарында «МАЭК» ЖШС-ның 1-ЖЭО бөлімінде жөндеуші-слесарь болып еңбек ететін Амандық Есжанов та бар. Қарапайым жұмысшыдан кәсібіне адалдықтың, табандылық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеткен ол энергетика саласындағы ұзақ жылғы мінсіз еңбегі үшін III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. Бұл – маңдай термен елге қызмет еткен еңбек адамына көрсетілген зор құрмет.

Сондай-ақ өңір энергетикасының дамуына елеулі үлес қосқан тағы бір ардақты азамат – «Манғыстау өңірлік электр-тораптық компаниясы» АҚ-ның тәжірибелі маманы, еңбек ардагері Александр Хван да жоғары марапат иеленді. Ол көп жылғы қажырлы еңбегі мен саладағы кәсіби шеберлігі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды.

Манғыстаулық энергетиктердің бұл жетістігі – өңір еңбеккерлеріне көрсетілген сенім мен құрметтің айқын көрінісі. Елдің жарығы мен жылуын қамтамасыз етіп отырған мамандардың маңдай тері мен адал еңбегі әрдайым бағалануға лайық.

«Манғыстау» ақпарат.

## ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕГІ

БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛАСЫНДА АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР. ЖАППАЙ ЦИФРЛАНДЫРУ ҮДЕРІСІ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДАМУЫНА ЕДӘУІР ЫҚПАЛ ЕТТІ. ЕЛ ІРГЕСІН БЕКІТУ МЕН МЕМЛЕКЕТ ТҮТАСТЫҒЫН МЫҒЫМДАУДА ІШКІ САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗЫ АРТА ТҮСТІ. ӘСІРЕСЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛДЫҢ ТҮРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ. БҮЛ БАҒЫТТА БИЫЛ МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТІҢ ҮДЕСІНЕН ШЫҒУ ҮШІН ҮЛКЕН ІСТЕРДІ АТҚАРДЫ. АТАП АЙТҚАНДА, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТ-ТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘРІ ДАМУҒА, АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ КЕҢІСТІГІН ҚҰРУ, ОТБАСЫ ӨНЕГЕСІН, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ, ӨНІРДЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРДЫ.

Манғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басшысы Гүлмира Балғожаеваның мәліметіне жүгінсек, жыл бойы тиісті басқарманың мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысы негізінде облыстың қоғамдық-саяси дамуына оң ықпал еткен 16 жоба сәтті жүзеге асты. Олардың қатарында

«Манғыстау – достық мекені», «Адал қоғам», жергілікті қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұрасын насихаттауға бағытталған «Qazaq Pride», «Content Hub», «Қоғам дерті», «Отбасы мекені – ел болашағы», «Қырағы көз» жобалары бар.

(Жалғасы 2-бетте)

## ДУБАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ – МАНҒЫСТАУДА



МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ КЕҢІНЕН ТАНЫТУ МАҚСАТЫНДА ӨНІРДЕ МАҢЫЗДЫ ІС-ШАРА ӨТТІ. ОБЛЫС ӘКІМДІГІ МЕН ӨНІРЛІК ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 15 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНЕН, НАҚТЫРАҚ АЙТҚАНДА ДУБАЙ ҚАЛАСЫНАН КЕЛГЕН ТУРОПЕРАТОРЛАР МЕН ТАНЫМАЛ ТРЕВЕЛ-БЛОГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН РОУД-ШОУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Іс-шараның басты мақсаты – Манғыстау облысының бірегей туристік әлеуетін көрсету, өңірдегі инфрақұрылым нысандары мен туристік қызмет көрсетуші компаниялардың мүмкіндіктерін таныстыру, сондай-ақ іскерлік байланыстарды нығайтып, халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Роуд-шоуға Манғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, Біріккен Араб Әмірліктерінен келген бес туроператор мен тревел-блогер, Ақтау халықаралық әуежайының өкілдері, «FlyArystan» әуе компаниясының өкілі, сондай-ақ жергілікті туроператорлар мен қонақ үй, демалыс орындарының басшылары қатысты.

Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев Манғыстау өңірінде туризм саласын дамытуға ерекше басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, өңір шетелдік туристерді, әсіресе Таяу Шығыс елдерінен келетін қонақтарды тартуға мүдделі және бұл бағытта ашық әрі ұзақмерзімді әріптестікке дайын.

– Біз бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, жаңа бағыттарды ашуға және халықаралық серіктестермен тығыз байланыс орнатуға ниеттіміз. Бүгінде Манғыстауда туризмді дамытуға арналған жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. Халықаралық ынтымақтастық пен тың идеялар өңірдің туристік мүмкіндіктерін толық ашуға мүмкіндік береді деп сенеміз. Келген қонақтар өткен демалыс күндері Манғыстаудың көркем табиғаты мен бай мәдени мұрасымен танысты. Бүгінгі кездесу алдағы уақытта өзара тиімді ынтымақтастық пен жаңа серіктестікке бастау болады деп үміттенеміз, – деді Аббат Өрісбаев.

Роуд-шоу аясында жергілікті туроператорлар мен орналастыру орындарының көрмесі ұйымдастырылып, өңірдің туристік өнімдері кеңінен таныстырылды. Атап айтқанда, «Rixos Water World Aktau», Ақтау халықаралық әуежайы, «FlyArystan» әуе компаниясы, «Made in Mangystau», «Kettik Mangystau», «SkyWay», «RedMaya», «Mangystau Safari», «Elim.kz», «Aktau City Tour», «Tourist» туроператорлары, сондай-ақ «Holiday Inn», «Caspian Riviera» қонақ үй кешені, «Tree of Life», «Omira Glamping», «Zhagalau Resort» демалыс базалары өз қызметтері мен жаңа туристік бағыттарын ұсынды.

Іс-шара барысында шетелдік қонақтар Манғыстаудың табиғи ландшафттары, тарихи-мәдени ескерткіштері, теңіз жағалауындағы демалыс мүмкіндіктері мен экотуризм, этнотуризм бағыттары жөнінде жан-жақты ақпарат алды. Мұндай кездесулер өңір туризмін халықаралық нарықта ілгерілетуге, жаңа туристік ағым қалыптастыруға және Манғыстауды әлемдік туристік картада танымал бағыттардың біріне айналдыруға жол ашатыны сөзсіз.

Өз тілшіміз.

• БҮГІНГІ САНДА

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН  
«АЛТЫН САПА»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
АХУАЛ АЛАНДАТАДЫ



» 3

» 5

# Мектебіміздің мерейін өсірген оқушы

БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕ ЖҮЙРІКТІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ. ТАЛМАЙ ІЗДЕНГЕН, ЕРІН-БЕЙ ЕҢБЕКТЕНГЕН ОҚУШЫНЫҢ БИІКТЕН КӨРІНБЕУІ МҮМКІН ЕМЕС. ОСЫНДАЙ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІН КӨРІП, МӘРТЕБЕМІЗДІ АСҚАҚТАТҚАН– АЙЗЕРЕ АБАТ. ОЛ ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ОЛИМПИАДА-СЫНАН, ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ПӘНДІК ОЛИМ-ПИАДАСЫНАН 1-ОРЫН ЖЕҢІМПАЗЫ ЖӘНЕ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ Қ.БІТБАЕВА ОЛИПИА-ДАСЫНАН 3-ОРЫН ИЕГЕРІ АТАНДЫ.

Бұл жеңіс – жас өреннің көп жылғы табандылығы мен қазақ тіліне деген ерекше сүйіспеншілігінің дәлелі. Қазақ сөз өнерінің тереңдігін түсінген. Әдебиеттің құдіретін сезіну әр оқушының қолынан келе бермейді. Ал Айзере өз талантымен де, еңбегімен де осы саладағы білімі мен білігін республика деңгейде дәлелдеп шықты.

Олимпиаданың тапсырмалары күрделі, мазмұнды әрі жан-жақты дайындықты талап етеді. Тілдік нормаларды талдау, мәтін синтезі, морфология мен синтаксиске қатысты ғылыми-теориялық сұрақтар, сондай-ақ шығармашылық бағыттағы жұмыстар барлығы да қатысушылар арасындағы білім сайысын айқындады. Осы сынның бәрінен Айзере Абат абыроймен өтіп, әділ қазылардың жоғары бағасын алды.

Жас жеңімпаздың биіктен көрінуіне бағыт-бағдар берген білікті ұстазы– Жұпар Құлханова екенін ерекше атап өткен жөн. Ұстаздың білімге деген ықыласы, шәкірт тәрбиелеудегі жауапкершілігі мен қажырлы еңбегі – бұл жетістіктің бір



бөлігі. «Ұстазы мықтының – ұстамы мықты» дегендей, ұстаз бен шәкірттің бірлескен еңбегі өңіріміздің абыройын асқақтатты.

Тіл – ұлттың тұтастығы мен биік рухының айнасы. Осы рухты бойына сіңіріп, қазақ тілінің мерейін асыра білген Айзере Абат сынды дарынды жастарымыз көп болса, келешекке деген үміт те зор. Еліміздің намысын асқақтатар талантты шәкірттеріміз көбейе берсін.

Әлия АЙМАҒАНБЕТОВА,  
№5 орта мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі.

# Жылдамдық. Жігер. Жеңіс!

ЖУЫРДА АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТҮРІНДЕ  
«ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ САЛАДА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ» БАҒЫТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА «БАУЫРЛАС ЖАУЫНГЕРЛЕР» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ШЕТПЕ АУЫЛЫ, АТ ШАБАР АЛАҒЫНДА КӨКПАР, ЖАМБЫ АТУ ЖӘНЕ ТЕНГЕ ІЛУ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. ДОДА АУҒАН СОҒЫСЫНДА ҚАЗА БОЛҒАН ЖЕРЛЕСІМІЗ ҚУАТБАЙ БЕКТҰРОВТЫҢ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛДЫ. ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ҚАЛА, АУДАНДАРДАН КЕЛГЕН 70-КЕ ЖУЫҚ ҚАТЫСУШЫНЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ А.АҚҰЛОВ ЖӘНЕ «БАУЫРЛАС ЖАУЫНГЕРЛЕР» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ҚҰТТЫҚТАП, СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ.

Жасөспірімдер арасында жаппай салым түрінде өткен ойын ерекше тартысты өрбіді. Жігіттің ептілігі мен жүйріктің бабы сыналатын ойында қатысушылар барын салды. Нәтижесінде ең көп салыммен Мұнайлы ауданының командасы алға шықты. Жеңімпаздар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс бойынша Бекі ауылында «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында «Дені сау ұрпақ» атты отбасылық-спорттық іс-шара өтті. Аталған іс-шара отбасылық тәрбие, қоғамдық бірлікті арттыру мен

салауатты өмір дағдысын қалыптастыруды мақсат етті. Жарысқа қатысқан бес отбасылық команда тартысты ойын өрнегін көрсете білді. Тапсырмалардан сүрінбей өтіп, бір-біріне дес бермеген көңілді отбасылар Смағұловтар, Дауыловтар, Мақышовтар, Сейдахметовтер, Қанадиевтер тобы кубок, диплом және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Матжан ШАУЛНІЕВ,  
«Боевое братство» Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

# ЖЕҢІЛ ТАБЫС – АУЫР ЖАЗА

ОБЛЫС АУМАҒЫНДА ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАР АЗАЯР ЕМЕС. БАСЫМ БӨЛІГІ ОБЛЫС АУМАҒЫНДА ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫ ЗАҢСЫЗ ӨТКІЗУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН «КУРЬЕР-ТЫҒЫНШЫ» БОЛЫП ЖҰМЫС ЖАСАП, ЖЕҢІЛ ПАЙДА ТАБУ МАҚСАТЫНДА ПСИХОТРОПТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ӨТКІЗЕДІ.

Маңғыстау облысы бойынша есірткіге қатысты статистикалық мәліметке сәйкес 2024 жылы 72 іс 76 тұлғаға қатысты қаралған, ал 2025 жылы 88 іс 98 тұлғаға қатысты қаралып, айыптау үкімі қабылданған. Аталған санаттағы істерді салыстырғанда 22% пайызға өскен.



Қазір жоғары технологиялардың нағыз дамыған заманы. Есірткі бизнесі де толығымен кибер салаға көшті. Есірткіні «телеграмм-боттар» немесе басқа да интернет-ресурстар арқылы сату кенінен тарап жатыр.

ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабы бойынша жаза аса ауыр санаттан ауыр санатқа өткізілгенін, алайда «ҚР Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңы қолданылмайтынын ескеру қажет. Есірткінің заңсыз айналымына қатысты жалпы 7–12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Мәселен, 23 жастағы азамат Н. «Telegram» интернет-ресурсы арқылы белгісіз тұлғамен сөз байласып, Ақтау қаласында аса ірі көлемде есірткі өткізумен айналысқан. Аталған тұлғаның пәтерінен әр түрлі орамдарда қапталған көп мөлшердегі есірткі құралдары тәркіленген және қылмыспен келген табысын «Exodus» қосымшасы арқылы алғаны анықталған.

2025 жылдың 21 қаңтарында сот үкімімен азамат Н. Қылмыстық кодекстің 297-бабы, 3-бөлігі 1,3,5-тармақтарымен кінәлі деп танылып, 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Сондықтан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: белгісіз әрі тексерілмеген сайттарға өтпеу, жастардың курьер қызметтеріне қатысты жұмыс іздеу барысында толық мәліметтерді біліп, сақтану шараларының алдын алу, күмәнді мәмілелер бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу жөнінде әрекеттерді жүзеге асырмау саналады.

Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам өзін қорғап жүре алады.

Д.СЫЗДЫКОВ,  
Маңғыстау облысы прокурорының орынбасары.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«ZhanAy Project» ЖШС** Маңғыстау облысының аумағында қалдықтарды инвентаризациялау жобасының жүргізілетіні туралы хабарлайды.

**Жоба аясында келесі жұмыстар жүзеге асырылады:**

- иесіз және жойылмаған қалдықтарды анықтау және есепке алу.

**Мүдделі тұлғалар мен ұйымдарды төмендегідей әрекеттерге шақырамыз:**

- өз ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жолдау;
- анықталған қалдықтар жиналу орындары туралы хабарлау;
- жоба бойынша консультацияларға қатысу.

Барлық ұсыныстар мен ескертулер электрондық пошта арқылы қабылданады: [toozhanay@gmail.com](mailto:toozhanay@gmail.com)

**Телефон: 8 707 730 76 25.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теміртас-1» ЖШС қатысушыларына!  
2026 жылдың 15 қаңтар күні сағат 15.00-де «Теміртас-1» ЖШС әкімшілік ғимаратында кезектен тыс жалпы жиналысы өтеді.

**КҮН ТӨРТБІ:**

1. Қаржы мәселелері.

«Теміртас-1» ЖШС әкімшілігі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтау қаласының жеке нотариусы С.Н.Диханова 20 маусым 1955 жылы туған азамат Султанғали Кожановтың (ЖСН: 550620300094), 15.07.2025 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлерінен мұралық іс ашылғаны немесе ашылмағаны, өсиет сақталғаны немесе жасақталғаны туралы мәлімет беруді сұрайды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«TENGE Oil & Gas» ЖШС** үшін 2026 жылға «Маңғыстау облысындағы «Теңге» кен орнында дайындалған суды айдау жүйелерін салу» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

**Қоғамдық тыңдау:** Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылындағы Атамұра мәдениет үйінде 26.01.2026 ж. сағат 15.00-де өтеді. гео. координаттары с.е.43°17'50" ш.б.52°49'53:"

Төтенше жағдайлар немесе шектеу шаралары енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар, онлайн-режимде ZOOM бейне конференциясы арқылы өтеді, қосылу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/86786628227?pwd=VfhFHafajMcvuYa8hGq6xtsDtfWLn6.1> Конференция идентификаторы: 867 8662 8227. Кіру коды: 9XqEaq.

**Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы:**

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> орналастырылды, эл.пошта: [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) арқылы танысуға болады.

**Бастамашының мәліметі:** «TENGE Oil & Gas» ЖШС, БСН: 150940022022, тел. 8 701-530-24-76, 8/72934/92301 (117), e-mail: [abubakir\\_1973@mail.ru](mailto:abubakir_1973@mail.ru).

Жобаны жасақтаушы ЖК Рысальдинов Д.С, ЖСН: 790507302332, Ақтөбе қаласы, 11-ш/а, 112 Г, н.п. 36 Б, тел.: 8705 837 94 41. **Электрондық пошта:** [ryssaldinov@mail.ru](mailto:ryssaldinov@mail.ru).

**Қосымша ақпаратты мына эл.мекен-жай бойынша алуға болады:** [ryssaldinov@mail.ru](mailto:ryssaldinov@mail.ru) және тел.: 8705 837 94 41.



"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС  
ЖАРНАМА БӨЛІМІ



8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында



8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосұлы



МАҢҒЫСТАУ  
MEDIA

БҰЛ БОС ОРЫН

СІЗДІҢ

ЖАРНАМАҢЫЗҒА

АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42